



Middle Years Programme



Handbook

Astana “BILIM-INNOVATION” lyceum for gifted boys

**Мектеп миссиясы:**

Білім беру саласында отандық және халықаралық озық тәжірибеге сүйене отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу арқылы бәсекеге қабілетті және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасай отырып, еліміздің адами капиталының дамуына үлес қосу.

Мектеп пайымы:

Академиялық жетістікке жеткен, құрмет көрсететін және қоғамға елеулі үлес қосатын зияткерлік және адами қасиеттері жоғары көшбасшыларды тәрбиелейтін жетекші оқу орны болу.

Құндылықтар:

Жауапкершілік, Құрмет, Адалдық, Отансүйгіштік, Ынтымақтастық, Кемелдену

Ұранымыз:

«Сапалы білім, саналы тәрбие»



ІВ оқушысының профилі


ІВ оқушысының профилі – бұл ІВ мектептерінде бағаланатын 10 құндылықтың жиынтығы. Біз бұл қасиеттердің және соларға ұқсас басқа да қасиеттердің, жеке тұлғалар мен топтардың жергілікті, ұлттық және ғаламдық қауымдастықтардың жауапты мүшесі болуға көмектесетіндігіне сенеміз.

Дағды	Түсініктеме
Зерттеуші	Біз өзіміздің қызығушылығымызды дамытамыз, зерттеу мен іздену дағдыларын меңгереміз. Біз жеке және бірлесіп қалай оқуды білеміз.
Білімді	Біз түрлі пәндер арқылы білімді зерттеп, ұғымдарды түсіну қабілетімізді дамытамыз.
Ойшыл	Біз күрделі мәселелерді талдау үшін сындарлы және шығармашылық ойлау дағдыларын қолданамыз және жауапкершілікпен әрекет етеміз.
Коммуникатор	Біз өз ойларымызды бірнеше тілде және әртүрлі тәсілдермен сенімді және шығармашылықпен жеткіземіз.
Принципшіл	Біз адалдықпен және шыншылдықпен әрекет етеміз, әділдік пен құрметке жоғары баға береміз.
Ашық ойлы	Біз өзіміздің мәдениетімізді және басқалардың құндылықтары мен дәстүрлерін жоғары бағалаймыз.
Мейірімді	Біз эмпатияны, жанашырлықты және құрметті көрсетеміз. Біз өмірді жақсартуға әрекет етеміз.
Үйлесімді	Біз өмірдің әртүрлі аспектілерін тепе-теңдікке келтірудің маңыздылығын түсінеміз.
Тәуекелге барушылар	Біз белгісіздікке алдын ала ойластырылған шешіммен қараймыз; біз идеялар мен инновациялық стартаптарды зерттеу үшін өз бетінше және бірлесіп жұмыс істейміз. Біз қиындықтар мен өзгерістерге тап болған кезде тапқыр және төзімді боламыз.
Рефлексивті	Біз әлемді, өз идеяларымызды, тәжірибемізді мұқият қарастырамыз. Біз оқуымыз мен тұлғалық дамуымызды қолдау үшін күш-қуатымыз бен әлсіз жақтарымызды түсіну үшін жұмыс істейміз.

МҮР бағдарламасының моделі

IB бағдарламаларының модельдері IB білімінің маңызды ортақ ерекшеліктерін көрсетеді:


- Оқушы профилінің қасиеттерін дамыту
- Оқытуға және оқуға деген тәсілдер (ATL)
- Жас ерекшеліктеріне сай қорытынды тәжірибелер
- Пән топтарының немесе салаларының ұйымдасқан және үйлесімді құрылымы
- Халықаралық түсінікті дамытуды, оқу процесінің негізгі мақсаты мен контекстіретінде қарастыру



МҮР бағдарламасының моделі

IB бағдарламаларының модельдері IB білімінің маңызды ортақ ерекшеліктерін көрсетеді:

- Оқушы профилінің қасиеттерін дамыту
- Оқытуға және оқуға деген тәсілдер (ATL)
- Жас ерекшеліктеріне сай қорытынды тәжірибелер
- Пән топтарының немесе салаларының ұйымдасқан және үйлесімді құрылымы
- Халықаралық түсінікті дамытуды, оқу процесінің негізгі мақсаты мен контекстіретінде қарастыру



МҮР бағдарламасының моделі

МҮР бағдарламасының моделінде, ортасында ОҚУШЫ тұрады.


БІРІНШІ ШЕҢБЕР, бағдарлама ерекшеліктерін сипаттайды, олар оқушыларға пәндік және пәнаралық түсінікті дамытуға көмектеседі.

Оқытуға деген тәсілдер (ATL) – МҮР-де оқуға арналған дағдыларды дамытудағы басты компонент ретінде оқуға деген тәсілдерге деген адалдықты көрсетеді.

Оқыту тәсілдері — МҮР педагогикасына, соның ішінде зерттеу арқылы ынтымақтастықта оқытуға баса назар аудару.

Тұжырымдамалар – тұжырымдамаға негізделген оқу бағдарламасын көрсетугі.

Ғаламдық контексттер — оқытудың контексте қалай жақсы өтетінін көрсету.






ЕКІНШІ ШЕҢБЕР, бағдарламаның маңызды нәтижелерін сипаттайды.

- **Зерттеуге негізделген оқу** оқушылардың бастамасымен әрекеттерге, соның ішінде қоғамға қызмет көрсетуге әкелуі мүмкін.
- МҮР бағдарламасы **жеке жоба** арқылы (МҮР-5 сынып оқушыларына арналған) немесе **қоғамдық жоба** арқылы (МҮР-3 немесе МҮР-4 оқушыларына арналған) жүзеге асырады.

ҮШІНШІ ШЕҢБЕР, МҮР-дің кең әрі теңдестірілген оқу бағдарламасын сипаттайды.

- МҮР оқытуды және оқуды сегіз пәндік топ арқылы ұйымдастырады: тіл және әдебиет, тілдерді игеру, адам және қоғам, жаратылыстану, математика, өнер, дене шынықтыру және дизайн.
- Көп жағдайда пәндік топтың ішінде жеке немесе біріктірілген пәндер оқытылуы және бағалануы мүмкін: мысалы, адам және қоғам пәндік тобына тарих немесе география кірсе, жаратылыстану пәндік тобына биология, химия және физика кіруі мүмкін.
- МҮР пәнаралық білім беруге бағытталған, пәндік топтар ғаламдық контекстер мен негізгі тұжырымдамалар арқылы байланысқан. Оқушылар өз ана тілін (тіл және әдебиет арқылы), екінші тілді, адам және қоғам (гуманитарлық бағыттағы), жаратылыстану, математика, өнер, дене шынықтыру және дизайнды оқуға міндетті. МҮР бағдарламасының соңғы жылында (МҮР-5) оқушылар жеке жобамеинайналысады, ол арқылы олар бағдарламадан алған түсініктері мен дағдыларын көрсетеді.





БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖАЛПЫ ФИЛОСОФИЯСЫ

МҮР бағдарламасының жалпы философиясы оқу бағдарламасының барлық салаларын қолдайтын және нығайтатын үш негізгі тұжырымдама арқылы білдіріледі:

Тұжырымдамалық оқу: оқу бағдарламасы тұжырымдамаға негізделген, бұл оқушылардың пәндік білімі мен дағдыларын кеңірек контексте қолдануға мүмкіндік береді.

Халықаралық бағыттылық: МҮР бағдарламасының басты мақсаты – халықаралық көзқарасты қалыптастыру және дамыту, бұл оқушыларға әртүрлі мәдениеттер мен көзқарастарды түсінуге және құрметтеуге көмектеседі.

Жеке және қоғамға қызмет көрсету: МҮР оқушыларды қоғамға қызмет көрсетуге және әлеуметтік жауапкершілік алуға шабыттандырады.

НЕЛІКТЕН МҮР – НЕГІЗГІ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ?

Ата-аналар балаларын үздік біліммен қамтамасыз етуді қалағанда МҮР бағдарламасын таңдайды, өйткені ол:

- Күрделі оқу мақсаттарды қамтиды
- Оқушыға бағытталған оқыту тәсілдерін жүзеге асырады
- Халықаралық көзқарастарды дамытады
- Бүкіл баланың дамуына қамқорлық жасайды
- Бірнеше тілде білім беру мен оқуды үздіксіз дамытады
- Оқуға үйренуді дамытуға назар аударады
- Оқушыларды күрделі және таныс емес жағдайларда ақпаратты сыни бағалауға және білімді қолдануға дайындайды.

ӘКІМШІЛІК

Астана қаласы дарынды ер балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейі, оқушыларды тәрбиелеу мен білім беруде, ата-аналар мен мектеп — СЕРІКТЕС болуы керек деп санайды. Серіктестіктің басты қағидасы: WIN-WIN, яғни екі тарапқа да пайдалы болуы керек. Сондықтан біз ата-аналарға осы нұсқаулықтың көшірмесін сақтауды ұсынамыз, сонда мектеп пен отбасы, жеке адам мен қоғамның әл-ауқаты үшін бірге жұмыс істей алады.

Сұрақтарыңыз немесе мәселелеріңіз болса, тиісті адамға тікелей хабарласуыңызды сұраймыз (төмендегі кестеде көрсетілген электронды пошталарды пайдаланыңыз):

Сихимбеков Руслан	Лицей директоры	principal@astanaboysbil.edu.kz
Ибраимова Эльмира	Оқу ісі жөніндегі директор орынбасары	elmira.ibraimova@astanaboysbil.edu.kz
Қазжанова Зада	Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары	zada.kazzhanova@astanaboysbil.edu.kz
Сейілбаева Мөлдір	МҮР координатор	moldir.seyilbaeva@astanaboysbil.edu.kz
Мамбетов Бақберген	ID координатор	b.mambetov@bil.edu.kz
Фырат Мурат	SA координатор	murat.firat@astanaboysbil.edu.kz
Тілек Мәсәлім	PTC координатор	tilek.massalimov@astanaboysbil.edu.kz
Әшімхан Жанат	ATL координатор	zhanat.ashimkhan@astanaboysbil.edu.kz
Абильдаханов Нұржан	PP координатор	nurzhan.abildakhanov@astanaboysbil.edu.kz
Алтынбекқызы Әсел	Психолог	assel.altynbekkyzy@astanaboysbil.edu.kz




БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқушылардың оқуына қажетті деректерді/ақпараттарды ұсынады, мұғалімді осы деректерді талдауға және оқыту меноқуды жақсарту үшін пайдалануға тартады, оқушылардың жоспарланған нәтижелердіигеріп жатқанын дәлелдейтін мәліметтерді береді, мұғалімге оқу және білім беру үдерісін жетілдіруге бағыт береді және енгізілген өзгерістердің оқушылардың оқуынақалай әсер еткенін бағалайды.

Оқушылар барлық пәндер бойынша сабақтарға қатысады және дәстүрлі пәндердегі оқумен нақты өмір арасындағы байланысты орнатуға шақырылады. Бұл қарым-қатынас жасау, мәдениетаралық түсіністік және жаһандық ынтымақтастық дағдыларын дамытады.

БАҒАЛАНАТЫН ПӘНДЕР:

- **Тіл және әдебиет:** Қазақ тілі
- **Тілдерді игеру:** Ағылшын, Орыс, Түрік тілдері
- **Қоғамдық ғылымдар:** Тарих, География (интеграцияланған)
- **Жаратылыстану:** 7 және 8-сыныптар: Интеграцияланған ғылым;
9 және 10-сыныптар: Биология, Физика, Химия
- **Математика**
- **Өнер:** Орындаушылық өнер: Музыка (7-8-сыныптар), Бейнелеу өнері: Медиаөнер
- **Дене шынықтыру**
- **Дизайн:** 7 және 8-сыныптар



БАҒАЛАУ ДЕСКРИПТОРЛАРЫ

Баға	Шекаралық нұсқаулар	Дескриптор
1	1–5	Өте шектеулі сапада жұмыс орындайды. Көптеген маңызды түсінбестіктерді жеткізеді немесе көпшілігіне қатысты ұғымдар мен дағдыларды түсінбейді. Сын тұрғысынан немесе шығармашылық ойлауды өте сирек көрсетеді. Өте икемсіз, білім мен дағдыларды сирек қолданады.
2	6–9	Шектеулі сапада жұмыс орындайды. Көптеген ұғымдар мен контексттерді түсінуде түсінбестіктер немесе елеулі олқылықтарды көрсетеді. Сын тұрғысынан немесе шығармашылық ойлауды сирек көрсетеді. Білім мен дағдыларды қолдануда әдетте икемсіз, білім мен дағдыларды сирек қолданады.
3	10–14	Қабылданатын сапада жұмыс орындайды. Көптеген ұғымдар мен контексттерді негізінен түсінетінін көрсетеді, кейде елеулі түсінбестіктер немесе олқылықтар бар. Негізгі сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды көрсете бастайды. Білім мен дағдыларды қолдануда жиі икемсіз, тіпті таныс сынып жағдайларында да қолдау қажет етеді
4	15-18	Жақсы сапада жұмыс орындайды. Көптеген ұғымдар мен контексттерді негізгі деңгейде түсінетінін көрсетеді, бірнеше түсінбестіктер мен кішігірім олқылықтар болуы мүмкін. Негізгі сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды жиі көрсетеді. Білім мен дағдыларды таныс сынып жағдайларында белгілі біріккенділікпен қолданады, бірақ таныс емес жағдайларда қолдау қажет етеді.
5	19-23	Әдетте жоғары сапалы жұмыс орындайды. Ұғымдар мен контексттерді сенімді түсінетінін көрсетеді. Сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды, кейде күрделілікпен, көрсетеді. Білім мен дағдыларды таныс сыныптағы және шынайы өмірдегі жағдайларда қолданады және қолдаумен кейбір таныс емес шынайы өмір жағдайларында да қолдана алады
6	24-27	Жоғары сапалы және кейде жаңашыл жұмыс орындайды. Ұғымдар мен контексттерді кеңінен түсінетінін көрсетеді. Сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды жиі күрделілікпен көрсетеді. Білім мен дағдыларды таныс және таныс емес сынып және шынайы өмір жағдайларында жиі дербестікпен қолданады
7	28-32	Жоғары сапалы және жиі жаңашыл жұмыс орындайды. Ұғымдар мен контексттерді жан-жақты, нәзік түсінетінін көрсетеді. Күрделі сын тұрғысынан және шығармашылық ойлауды тұрақты түрде көрсетеді. Әртүрлі күрделі сынып және шынайы өмір жағдайларында білім мен дағдыларды жиі дербестікпен және тәжірибемен қолданады.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

МҮР бағалау критерийлері пәндік топтар бойынша төмендегідей жалпыланады.

Пәндік топ	Критерий А	Критерий В	Критерий С	Критерий D
Тіл және әдебиет	Талдау	Ұйымдастыру	Мәтін жазу	Тілді қолдану
Тілдерді игеру	Тыңдау	Оқу	Сөйлеу	Жазу
Адам мен Қоғам	Білу және түсіну	Зерттеу	Қарым-қатынас жасау	Сын тұрғысынан ойлау
Жаратылыстану	Білу және түсіну	Зерттеу және жобалау	Мәліметтерді өңдеу	Ғылымның әсерлерін бағалау
Математика	Білу және түсіну	Үлгілерді зерттеу	Қарым-қатынас жасау	Математиканы қолдану
Өнер	Зерттеу	Дамыту	Шығармашылық және орындау	Бағалау
Дене шынықтыру	Білу және түсіну	Орындауға жоспарлау	Орындау және қолдану	Орындауды жақсарту
Дизайн	Зерттеу және талдау	Идеяларды дамыту	Шешімді жасау	Бағалау
Қоғамдық жоба	Зерттеу	Жоспарлау	Әрекет ету	Рефлексия
Жеке жоба	Жоспарлау	Дағдыларды қолдану	Рефлексия	
Пәнаралық	Бағалау	Синтез	Рефлексия	

